



ӘӨЖ: 930.22 «18»(574)

**Бекболатов Б.Б.****НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ - ҰЛТ  
ҚАЙРАТКЕРІ**

*В данной статье рассматриваются  
достижения и роль Назира Турекулова  
в сфере дипломатии.*

*The achievements and the role of Nazir  
Turekulov in the sphere of diplomacy are  
considered in this article.*

Қазақ елінің, қазақ жұртының тағдыры сынға түскен тарихи кезеңдерде, алмағайып замандарда әсіресе қазақ оқығандары, ұлт зиялылары жанқиярлық еңбек көрсетті. Ұлт болашағын ойлап қам жеген, халқы үшін от пен суға түскен, азап шеккен, керек болса осы мақсатта басын бәйгеге тігіп, жан қиған да осы Алаш арыстары болды. Әсіресе, ұлттық тәуелсіздік үшін күресте олардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе біріктіріп, ел санасын оятудағы қыруар еңбегін ешуақытта ұмытуға болмайды. Алайда, 1937 жылдың қырғынында осынау қазақтың қаймағы болған арыстарымыз барлығы дерлік қуғын-сүргінге ұшырап, басым көпшілігі ату жазасына кесілді. Ажалдан аман қалғандарының өзі ұзақ жылдар бойында ескерусіз қалдырылды. Осылайша, қазақ ұлтының бүгінгі жарқын болашағын жақындатуға, оның іргетасын қаласуға сонау өткен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында аянбай еңбек еткен, қыруар жұмыс жасаған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Садуақасов, Т.Рысқұлов т.б. көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бел ортасында Нәзір Төреқұловтың да есімі жарқырап көрінеді. [1.36].

Н.Төреқұловтың қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби, білікті дипломат, елші болғандығын және оның есімі сол кезде, көзі тірісінде-ақ халықаралық деңгейде танылғандығын, жоғары бағаланғандығын бүгін үлкен мақтанышпен айтуға тиістіміз. Бұл биік дәрежеге Н.Төреқұлов үлкен белестерден өтіп келді. Ерекше айтарлық бір жәйт, сол кездегі Кеңес одағының басшыларының Н.Төреқұловты Сауд Арабиясына елші етіп тағайындау арқылы қандасымыздың әлемдік тұлғаға айналуына жол ашқанын өздері де аңғармай қалды. Н.Төреқұловтың сол кезеңде әлемдегі ең бір беделді, абыройлы дипломатия басшыларымен, елшілік қызметінің көрнекті қайраткерлерімен тіл табысып, қоян-қолтық араласып кетуі, сонымен бірге солардың құрметіне ие болуы, керек болса сол елде қоныс тепкен шетелдік елшіліктер корпусының жетекшісі, жолбасшысы (дипкорпус дуайені) биігіне көтерілуі, әрине, кеңестік большевиктік үкіметтің толық қолдауына ие болуынсыз екіталай еді. Қазақ перзентінің халықаралық деңгейдегі ірі, көрнекті саяси қайраткерге айнала бастауы, әрине, Кеңес Одағының, қызыл империяның шовинистік пиғылдағы көсемдері басқарған 1930 жылдардағы репрессиялық аппаратына ұнаған жоқ. Н.Төреқұловтың Кеңес Одағы үшін, ішінара, әрине, одақтас республикалар ретіндегі түркі халықтары үшін жасап жатқан жемісті



елшілік қызметін шұғыл арада үздіртіп, Кеңес Одағына қайта шақыртып алу саясатында да осындай астар бар еді. Сталиннің және оның төңірегіндегі жандайшаптарының, асыра сілтеушілерінің тікелей ұйымдастыруымен, тікелей жала жабу арқылы көп ұзатпай Н.Төреқұловты ірі қайраткер ретінде саяси сахнадан алыстату мақсатында ашық, арсыз саясат жүргізілді. Түркі жұртына жаны ашығаны үшін, көмек бергені үшін “пантюркизм” көсемдерінің бірі деді. Диверсиялық-террорлық пантүркілік ұйымның белсенді мүшесі ретінде Тұрар Рысқұловпен бірігіп Кеңес Одағын құлатуға әрекет жасады деген айып тағылды. Оның аяғы арысымыздың нақақтан-нақақ ату жазасына кесіліп, 1937 жылдың 3 карашасында “халық жауы” деген айыппен мерт болуына алып келді [1.18].

Ең алдымен Нәзір Төреқұловтың өскен ұясы әулетті, ұлағатты, алған білімі құнарлы, тиянақты еді. Қазақтан шыққан алғашқы кәсіпкердің отбасында дүниеге келді, өз заманына сәйкес білім алды. Мәскеу қаласында, сол заманның ең беделді жоғары оқу орындарының бірі – Мәскеу сауда институтының экономика факультетінде оқыды. Бірнеше тілдерді қатар меңгерді. Соның арқасында өз тұстастарынан оқ бойы озық тұрған нағыз зиялы жан болды. Алайда, өз мемлекетінің мүддесін шет елде биік деңгейде қорғау үшін бұл қасиеттер де адамға аздық етеді. Біліктілігі жағынан аса жоғары деңгейдегі елші болу үшін алдымен, өмір ағымына жетік болу керек, ерік-күші қажет, сын сағатта тығырықтан жол таба білген жан ғана қапы қалмайды. Төңірегіндегілерді түсіне білу, әсіресе өзін елші болып келіп отырған мемлекетінің басшылығымен терезен тең келісім сөз жүргізу, көрегендік, шешендік өнер, осының барлығы бір бойыңнан табылып тұрмаса опық жеуін оп-оңай. Осы қасиеттердің барлығы Нәзір Төреқұлов бойынан табылды. Қалай дегенде де Нәзір Төреқұловтың қызмет еткен, тағдыр кешкен жылдарында, сонан соң азамат соғысы кезеңінде жинаған іс-тәжірибесі зая кетпеді. Кейінірек ол үлкен-үлкен жауапты қызметтерге сайланды. Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты хатшысы, Түркістан Атқару Комитетінің төрағасы, Шығыс халықтары институты директорының орынбасары және КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы, түрік халықтарының жазуын латын әліппесіне көшіру жөніндегі Орталық Комитеттің төрағасы сынды басшылық қызметтерді атқарды [4.57].

Ол сол кезеңде өзі төтенше және өкілетті елшісі болып отырған Кеңес Одағының беделін көтеруге күш салды, осы мақсатта әр деңгейдегі келіссөздерді шебер, біліктілікпен жүзеге асырып отырды. Әсіресе кеңестік сауда жүйесінің өміршеңдігін дәлелдеп, оған жасалған шетелдік қысымға шектеу салды, сол арқылы елшіліктің сараптау жұмысының арнасын жаңа жолға қойды. Мұны біз сол кезеңнің өзіндегі асқан шеберліктің үлгісі ретінде қабылдауымыз қажет. Жалпы, Н.Төреқұловты Сауд Арабиясы сияқты мүлдем беймәлім мемлекетке елші ретінде таңдаудың, тағайындаудың күрделілігі шын мәнінде тереңірек, салыстырмалы түрде, керек болса тарихи құжаттарға табан тірей отырып, ой толғауды қажет етеді. Айталық, бір-ақ мысал, Мекке мен Медине сияқты ислам әлемінің қасиетті, қастерлі қалаларына аяқ басу тек шынайы мұсылман жанға рұқсат етіледі. Оның үстіне атеизмнің қызыл туы желбіреп тұрған, дінді жоққа шығарып отырған мемлекеттің өкіліне, мұсылман болса да араб елінде емін-еркін жүріп-тұрудың реті келе бермейтіні анық. Осының барлығын есептеп келгенде, Кеңес өкіметінің, Коммунистік партияның Н.Төреқұловтың арқасына жүктеген, мойнына ілген жүктің қаншалықты ауыр болғандығын түсіндіріп жатудың өзі артық. Солай бола тұра Н.Төреқұлов Араб жерінде құрметпен қарсы алынып, төрт күннен кейін, 3-ші қарашада, Меккеде корольдің ұлы, тақ мұрагері Фейсалға сенім грамоталарын тапсырды. Корольдің өзі Әбдел Әзиз Әл-Сауд Н.Төреқұловтың тағайындалуы туралы М.Калининнің 1928 жылғы 9 маусымдағы жолдауына Кеңестік миссияның жаңа басшысы Сауд үкіметі мен корольдің жеке өзінің тарапынан “екі елдің арасындағы достық байланыстарды нығайту үшін” құрметке, барынша жақсы қатынасқа бөленеді деп жауап береді. Бұл лебіз жай ғана хаттамалық сыпайылық емес еді. Хиджазда болған сегіз жыл бойы Н.Төреқұлов король мен оның төңірегіндегілердің шын ілтипаты мен құрметін көрді. Бұған көп жағынан жәрдемдескен тарихи оқиғалар ағымы – саяси ахуал ғана емес еді. Н.Төреқұловтың адам, азамат ретіндегі жеке басы, кісілігі, адамгершілік қасиеті, терең білімпаздығы мен оқымыстылығы, биік парасаты мен ақылы, барлығы оны қоршаған ортасына, әріптестеріне, керек болса жаулары мен дұшпандарына да оның беделін мойындатты. Бұрын араб тілін арнайы оқымаған Нәзір тез арада оны жақсылап үйреніп алғаны соншалық, аудармашы қызметінен мүлдем бас тартты. “Өйтпесем, бірдене айтсам, басқаша аударылады да, әңгіменің мәні айдалада қалады”, деп жазады ол. Бұл оның алдымен елшілік қызметінің өте жауапты әрі өте абайлап, сақтық ұстап атқаратын еңбек екендігін терең түсінгендігінің белгісі. Оның араб тілін жетік меңгергені соншалық, ғұламалармен дін тақырыбында еркін сөз жарыстырып, салтанатты жиында король мен оның төңірегіндегілермен дипломатиялық корпус атынан сол тілде көсіле сөйлей алатын дәрежеге жетті. Араб тілін жетік білуі оны еуропалық дипломаттардан жоғары қойды, араб сұхбаттастарының құрметіне бөледі. Ал еуропалық дипломаттар бұл тілді



білмейтін. Мысалы, британ миссиясының басшысы тек қана ағылшын тілінде сөйлейтін. КСРО-ның Сыртқы істер халық комиссариатына жазған алғашқы хаттарының бірінде Н.Төреқұлов Шығыстану институтының студенттерін Хиджазға бір жылға тәжірибе жинақтауға жіберуді ұсынып, олардың тек араб әдеби тілін білуінің жұмысқа жеткіліксіз екенін дәлелдейді. “Құран тілінде бұл арада бір қорап күкірт те сатып ала алмайсың. Ал біздің оқу орындарында, бейнелеп айтқанда, арабистерді емес, аруақтармен және періштелермен ғана сөйлесе алатын құранистерді даярлайды”, – деп істің мәнін нақты түсіндіреді. Пайдалы таныстықтардың кен ауқымы, олармен жиі-жиі араласып тұруы елдің ішкі және сыртқы проблемаларын жылдам игеріп кетуге жәрдемдесті. Ағымдағы жағдайды және Сауд режимінің КСРО-мен қатынасының болашағын дұрыс бағалауға оның сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Фуад Хамзамен жүйелі сұхбаттасып тұруы мүмкіндік берді. Ал король мен оның ұлдары – ханзадалар Сауд пен Фейсалға келсек, олармен араласып-құраласып тұру қиындау болды. Өйткені, корольдің ордалары Риад пен Меккеде, ал дипкорпус Жиддада еді. Соған қарамастан, Н.Төреқұлов қажет болса, Меккеге аттанатын, екі король мен мұрагерлердің Жиддаға келуін пайдаланатын. Аса лауазымды адамдар, соның ішінде министрлер, әскер басшылары, тіпті құпия полиция бастығы Нәзір үйінде жиі қонақ болып, оларды емін-еркін әңгімеге тартатын. Сонымен бірге Н.Төреқұлов қажылыққа келген әртүрлі қайраткерлерден, соның ішінде жат жерде жүрген отандастарынан да бойын аулақ салған жоқ. Мысалы, Сібірден шығып, Түркияда қоныс тепкен белгілі панисламист, король қабылдамай қойған Абдурашид Ибрагимовпен кездеседі. Үндістан арқылы Хиджазға өткен, тұрмыстық жағынан қатты қиналып жүрген Өзбекстан азаматтарына көмектескен. Л.Қараханға жазған арнайы хатында оларды отанына қайтару мәселесін шешуді, осындай істердегі ағылшын және итальян өкіметтерінің тәжірибесін негізге ала отырып, оның нақты жолын, жобасын ұсынады. Ол тіпті Жиддаға қоныс аударған Мұса Бигиев, Миян Кудрат секілді түркі тектес отандастарының Өзбекстанда қалған туыстарының тағдырына байланысты мәселелерді реттеуді Кеңес өкіметінің алдына қоюдан да қаймықпаған. Нәзірдің өзі талай үлкен және кіші қажылық жасады, исламның талаптары мен дәстүрлерін бұлжытпай сақтады. “Идальфитр” (ораза айт) мейрамын біз жеке “мұсылмандық” байланыстарымызды кеңейтуге пайдаландық. 100-ден астам адаммен сәлемдесіп, сұхбаттастық. Құттықтай келген адамдарға арнайы қабылдау жасадық”, – деп жазады ол бір хатында. 1932 жылы 5 мамырда Н.Төреқұлов демалыстан оралғанда Жидда портында оны дипкорпус мүшелерінен тыс сыртқы істер вице-министрі А.Таха, Жидданың вице-губернаторы А.Амри, қаржы министрлігінің сенімді өкілі С.Хашем, құпия полиция бастығы М.Тайиб қарсы алды. Осының өзі де Нәзірдің беделінің өте биік, елші ретінде өте сыйлы, абыройлы болғандығын дәлелдей түседі [2.25].

Ал корольдің өзі Меккедегі ордасындағы кездесуде Нәзірге өз саясатын былай тұжырымдайды: “Мен кеңес өкіметінің көмегіне зәрумін. Мен әскери-саяси мәселелерде КСРО-ның қолдауына ие болғым келеді. Кеңестер маған басшылық жасап отырсын. Мен артымдағы барлық күш-қуатыммен Кеңестерге еремін. КСРО мен арабтардың мүддесі үшін кеңестер мені қалауынша пайдалана алады”. Демек, осының бәрінен шығатын қорытынды: Н.Төреқұловтың елшілік қызметінің тиімділігі мен кәсіби деңгейінің биіктігі ешқашан дау тудырмаған. Біз баяндап өткен аса күрделі, шытырман, әрі өте шетін, аса сақтықты қажет ететін елшілік еңбектің барлық қыр-сырын Нәзір Төреқұлов жете меңгергендігі анық. Сонау өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Нәзір Төреқұловтай отандасымыздың, қазақ азаматының әлемдік деңгейде терезесін тең ұстап, сол алпауыттардың өз тілінде, өз дәрежесінде Кеңес Одағы сияқты алып мемлекеттің елшісі ретінде абыроймен қызмет атқаруы, сүйте жүріп түркі тектес халықтардың да мұн-мұқтажын шешіп, осы жолда қам жасап өтуін де ерлікке пара-пар еңбек десек, артық емес. Осындай тағылымды тағдыр кешкен перзентіміздің тәуелсіздікке қол жеткен заманымызда арамызға қайта жарқырап оралатын кезеңі де келді. Ендігі жылдары оның атаулы даталарына сәйкес үлкен-үлкен білім ордаларының, дипломатия мектептерінің атаулары, мемлекеттік деңгейдегі сыйлықтарымыз Н.Төреқұловтың есіміне ие болып жатса қанеки.

#### Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және саяси өміріндегі Нәзір Төреқұловтың рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан, 2006.
2. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. – Ташкент, 2000.
3. Мансұров Т.А. Нәзір Төреқұлов. - Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2005.
4. Назір Төреқұлов: елші, саясаткер, азамат ( Қ. Әбзелдұлының Т. Мансұровпен сұхбаты) // Шымкент келбеті 2003 жыл, 18 сәуір, 15 бет.
5. ОҚОММ қор №630, тіз. №6. бум №2 іс №16, л1-1об.ст. 19.10.2004.